

## БӨЛІМ: БАСТАУЫШ СЫНЫП

## Мен қазақпын

ЖАРИЯЛАНДЫ  
25.06.2019

СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/58793/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

## Махамбетова Ж.А.

|                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |           |
|---------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|
| <b>Оқу мақсаты:</b>             | <ul style="list-style-type: none"> <li><b>Барлық оқушылар:</b> қазақ халқының тарихымен танысу;</li> <li><b>Оқушылардың басым бөлігі:</b> оның рухани құндылықтарын түсінуді үйрену;</li> <li><b>Кейбір оқушылар:</b> батырлардың қазақ халқының тарихындағы рөлін түсіну.</li> </ul>                   |           |
| <b>Тірексөздер:</b>             | Ауыз әдебиеті, ерлік.                                                                                                                                                                                                                                                                                   |           |
| <b>Ресурстар:</b>               | Мультимедиапроектор, «Толағай» мультфильмі, Қасымханның портреті, Е.Құдайбергеновтің орындауында «Мен қазақпын» әнінің бейнеклипі, стикерлер, флипчарт, түрлі-түсті маркерлер, таныстырылым, «Толағай» суреті, мақал-мәтелдер жазылған үлестірме парақшалар, қосымша тапсырмаға арналған сюжетті сурет. |           |
| <b>Сабақтың мақсаты:</b>        | <b>1.3.2.1 көрнекі материалдардың негізінде қазақтардың даналығы мен ерлігін сипаттау.</b>                                                                                                                                                                                                              |           |
| <b>Құндылықтарды дарыту:</b>    | <b>Отанына, халқына деген оқушылардың сүйіспеншілігін арттыру.</b>                                                                                                                                                                                                                                      |           |
| <b>Пәнаралық байланыс</b>       | <b>Музыка, сауат ашу.</b>                                                                                                                                                                                                                                                                               |           |
| <b>АКТ қолдану дағдылары</b>    | <b>Аудиожазба, бейнежазба</b>                                                                                                                                                                                                                                                                           |           |
| <b>Тілдік құзіреттілік</b>      | <b>Батыр-герой-hero</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                 |           |
| <b>Сабақ барысы</b>             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |           |
| Сабақтың жоспарланған кезеңдері | Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет                                                                                                                                                                                                                                                                        | Ресурстар |

|                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                 |
|--------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------|
| <p>Сабақтың басы<br/>Ынтымақтастық<br/>атмосферасын<br/>қалыптастыру</p> | <p>Тәуелсіз азат елім,<br/>Туып өскен-байтақ жерім.<br/>Мәңгі жайнап тұра бер<br/>Қазақстаным менің!</p> <p>Оқушыларды топқа бөлу.(Балалар дорбадан парақшалар алу арқылы топқа бөлінеді)</p> <p>Ер қаруы-бес қарумен жеке-жеке таныстырып, топ атауларының осы бес қарумен байланысты екенін атап өту. «Жұмыр қылыш» тобы, «Найза» тобы, «Айбалта» тобы.<br/>Саяхат бөлімі бойынша алған білімдерін пысықтау.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | <p>Психологиялық дайындық</p>                                                   |
| <p>Сабақтың ортасы</p>                                                   | <p>1.Елім-ай әнін тыңдату. Қожаберген жырау. Әнді тыңдату арқылы оқушылардың болжамдарын тыңдау. Тыңдап болғаннан кейін бұл ән қандай сезім орнатқанын, мағынасы қандай екенін сұрау. Бұл әннің шығу тарихын баяндай келе, фольклор, ауыз әдебиеті туралы түсінік беру.<br/>2.«Толағай» мультфильмін көрсету.</p> <p>Осы аңыз туралы түсінік беру.<br/>3.Сыни тұрғыдан ойлау.«Мен кімін?» Балалардың жауабы тыңдалады. («Мен - оқушымын», «Мен-батырмын», «Мен-қазақпын») Тақырыпты ашу: «Мен-қазақпын»<br/>4.Қазіргі заман батыры туралы әңгімелеу. Бейнеу ауданында жанып жатқан үйден балаларды аман алып шыққан 8-сынып оқушысы Ғалымжан Күзенбаевтың ерлігі туралы 31-канал арнасынан берілген арнайы хабарды көрсету.<br/>5.Топтық жұмыс.<br/>1.Батырлық туралы мақал-мәтелдер<br/>2.Қазақ хандары туралы әңгімелеу<br/>Сергіту жаттығуы. Е.Құдайбергенов «Мен Қазақпын».</p> | <p>Таныстырылым. Оқулықпен жұмыс.<br/>Аудиожазба.</p> <p>Бейнежазба көрсету</p> |
| <p>Сабақтың аяқталуы</p>                                                 | <p>Оқушыларға басқа елдегі досына қазақ халқы туралы айтып шағын хат жазуын ұсыну. Хатты балалармен бірге оқып, талдау.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                 |
| <p>Сабақтың соңы</p>                                                     | <p>Рефлексия. Смайлик арқылы балалар өз көңіл-күйін бағалайды.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                 |

**ҚМ АА** Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.